



Мектеп директоры

К.Алпаева

«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
9 «А» сынып жетекшісінің 2025-2026 оқу жылына арналған
сынып сағаттарының күнтізбелік тақырыптық жоспары

Сынып жетекші Мадиева Дилара

«АДАЛ АЗАМАТ БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»

Жоспарға негіздеме: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің

2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығы.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылғы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұрбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады.

Ұштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған қорыстық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады. Өскелеңжасұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу барлық келесі деңгейдегі білім келешегіміз – жасұрпақ, асұрпақ тәрбиесі азаматтың мәңгілік тақырыбы. Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл базалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне лайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ұштағанымен сабақтасалы. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

- тәуелсіздік және отаншылдық
- бірлік және ынтымақ
- әділдік және жауапкершілік
- заң және тәртіп
- еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
- жасампаздық және жанашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- Елдің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға

баулу;

- Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- Басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- Өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- Біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жетек басының үлесінді дамуы үшін жағдай жасау:

- Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ:

- Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.
- Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:
- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша айы – адалдық және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қытай – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.
- Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және көшенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды.

Күнделікті:

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бос тас және т.б.
- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.
- «Күй күмбірі» – қоңыржудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.
- **апта сайын:**
- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.
- Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлық және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.
- Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:
- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- Буллингтен қорған!
- Ойынға салауатты көзқарас;
- Өмірге салауатты қадам;
- Қоғамдық мүлікті қорға!
- Қауіпсіз қоғам.
- «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» алдын алу шарасы сынып сағаттарында ақпараттық қауіпсіздік, кибермәдениет, кибергигиена, медиа сауаттылықты дамыту тиісті мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлесіп пікірталастар, кездесулер өткізу ұсынылады.
- Сынып сағаттарында «Буллингтен қорған!» алдын алу шарасын ұйымдастыру ұсынылады. Бұл білім алушылардың басқалармен қарым-қатынас жасау, өз эмоцияларын басқару және қақтығыстық жағдайларды шешу дағдыларын дамытуға бағытталған тренингтер мен кейс-сессияларын мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізу ұсынылады.
- «Ойынға салауатты көзқарас» – лудоманияның алдын-алуға бағытталады. Лудомания туралы бейнероликтер қарауға, ойынға құмарлық, онлайн ойындарға ақша тігу т.б. зияны туралы топтық талқылаулар ұйымдастыруға және салауатты әдеттерді, баламалы қызығушылықтар мен хоббиді дамытуға бағытталған сынып сағаттарын, мектепшілік шеберлік сыныптарын өткізуді қамтиды.
- «Өмірге салауатты қадам» алдын-алу іс-шаралары шеңберінде синтетикалық есірткінің (Интернет-ресурстар арқылы) таралуының алдын алу және жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша сынып сағаттарында олардың зияны мен

денсаулыққа теріс әсері туралы деректі фильмдер көру, сыныптарда есірткіге қарсы плакаттар, бейнероликтер және т.б. әзірлеу, дұрыс тамақтану және салауатты өмір салты мәселелерін талқылау бойынша іс-шаралар өткізу ұсынылады.

- «Қоғамдық мүлікті қорға!» сынып сағаттарында вандализмге қарсы плакаттар, граффити немесе иллюстрациялар әзірлеу және/немесе қоғамдық мүлікті қорғатудың, мәдени ескерткіштерді қорғатудың зияны туралы топтық талқылауларды мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізуді қамтиды.
- «Қауіпсіз қоғам» Қылмыстық кодекстің зорлық-зомбылыққа, есірткі заттарын таратуда және т.б. құқықбұзушылық актілеріне байланысты негізгі нормаларды түсіндіру және адам бас бостандығынан айыру, заң бұзушылық жағдайлары, оның ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстық істер туралы бейнероликтер қарау мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлескен шаралар өткізуді қамтиды.
- Қауіпсіз мінез-құлық және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру, буллинг, лудомания, вандализм, шапқорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шараларды «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде сынып сағаттарын ұйымдастыру жоспарына сәйкес жүргізу ұсынылады (Бұйрыққа 2-қосымша).
- Білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамыту мақсатында сыныптан тыс жұмыстар шеңберінде келесі әлеуметтік жобалар ұсынылады:
- «Қамқор» әлеуметтік жобасын жүзеге асыру арқылы түйінді құндылықтарды дамыту қарастырылады. Жоба шеңберінде білім алушылармен «Қоғамға қызмет ету» волонтерлікке ата-аналар қауымдастығы және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп карттарға көмек көрсету, жануарларға қамқорлық жасау, табиғат элементтерінен қайта өңделген материалдарды пайдалана отырып құстарға үй жасау т.б. ұсынылады.
- Сонымен қатар жобаны іске асыру «Жер сағаты» экологиялық акциясын, «Түлектердің ағаш егуі» жөңделендісін, «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясын өткізуді қамтиды. «Жер сағаты» экологиялық акциясы климаттың өзгеруі мен ресурстарды үнемдеудің жаһандық мәселелеріне назар аударуға бағытталған бастама болып табылады. Акцияның негізгі элементі – жарық пен электр құрылғыларын бір сағатқа өшіру, бұл энергияны ұқыпты пайдалануға үндейді. Білім беру ұйымдары жыл бойы табиғи ресурстарды қорғаудың маңыздылығын көрсететін постер, жадынама әзірлеуге болады.
- «Түлектердің ағаш егуі» жөңделендісі – бұл бүкіл республика бойынша мектеп түлектері арасында (9-шы және 11-сыныптар) мектеп аудаларында немесе көше бойында бір мезгілде ағаш отырғызуға үндейді. «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» – бұл мектеп жанындағы аумақты жинау немесе қоғамдық орындарды (сайбақтар, скверлер) тазалау акциясы.
- «Еңбегі адал – жас өрпа» – білім алушылардың түрлі мамандыққа деген қызығушылығын дамыту және еңбексүйгіштікке баулу арқылы еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығын қалыптастыруды көздейді. Жоба «Күзгі асар» жәрмеңкесін, «Мамандықтар әлемі» іс-шараларын, «Мамандықтар марафоны» байқауын, мектептің әлеуметтік желілеріне жазбалар жариялау арқылы жүзеге асырылады. «Күзгі асар» жәрмеңкесінде білім алушылар күзгі егіннің табиғи материалдары мен табиғаттың орман өнімдерін пайдалана отырып, ата-аналарымен бірлесіп жасаған көзнерлерін ұсынады. «Мамандық әлемі» шарасын өткізу мамандықтармен танысу үшін түрлі кәсіпорындарға немесе мекемелерге бару жоспарын әзірлеп, өңірдегі мамандықтармен танысады. «Мамандықтар марафоны» байқауы білім алушылардың шеберлігін көрсету арқылы (мысалы, ағаштан бұйым жасау) әртүрлі мамандықтарға

бейімділігін және білім беру ұйымдарындағы жас шеберлерді, таланттарын анықтауға бағытталады (WorldSkills халықаралық байқауына дайындық). Конкурс сарапшыларына түрлі саладағы мамандықтардың үздік мамандарын тартуға болады. Мектептің әлеуметтік желілерінде білім алушылардың әртүрлі мамандық өкілдерімен сұхбат жүргізіп, оны мектептің әлеуметтік желілерінде жариялайды, үздік жазба нелерін анықталады.

- «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылығын дамыту арқылы түйінді құндылықтарды насихаттауға бағытталған жоба. Жобаны жүзеге асыру барысында «Даналық ұстаздан» челленджін, «Ұлттық мәдениет» көрмесін, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалін, «Ананның аялы алақаны» челленджін, «Әншуақ» фестивалін, «Домбыра күні» көрме және концерт, мектеп театры жұмысын ұйымдастырылады.
- «Даналық ұстаздан» – мұғалімдер күні қарсаңында алғашқы мұғалімдеріне, сүйікті педагогтерге және құрметті тәлімгерлерге арналған челленджі өткізіледі. Қатысушылар бейне хабарлама, мақалалар, өлеңдер, әндер, суреттер және басқа да шығармашылық формалар арқылы алғыстарын білдіре алады.
- «Ұлттық мәдениет» көрмесі білім алушылардың ұлттық атрибуттарды (ағаштан, металдан, матадан, киізден және басқа материалдардан жасалған бұйымдар) пайдалана отырып орындалған шығармашылық жұмыстарын ұсынады. Мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға аптасына бір рет мектепке ұлттық киіммен келуге немесе ұлттық мәдениетті дәріптеу үшін ұлттық атрибуттарды қолдануға болады.
- «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі саптық әндер конкурсын, әскери-патриоттық фестиваль, спорттық-далалық ойындарды өткізуді қамтиды. Білім беру ұйымдарына «Жас сарбаз» фестивалін өткізу кезінде қазақстандық авторлардың әндерін және Ұлттық әскери форманы пайдалану ұсынылады.
- «Ананның аялы алақаны» челленджінде білім алушылар бейнероликтер, мерекелік ашықхаттар және бейне құттықтаулар арқылы аналарына, әжелеріне және барлық аналарға алғыстарын білдіре алады.
- «Әншуақ» фестивалі #Әншуақ хэштегімен «TikTok» әлеуметтік желісінде өз әнін жанды дауыста орындаудың бейнежазбасын жариялау арқылы білім алушыларды балалар әні фестиваліне қатысуға тарту.
- «Домбыра күні» – білім алушылардың, талантты музыканттар мен орындаушылардың қатысуымен түрлі ұлттық аспаптар көрмесімен сүйемелденетін концерт ұйымдастыру.
- Мектеп театрының жұмысын ұйымдастыруда әдеби шығармалар, тарихи оқиғалар мен атаулы күндер, сонымен қатар жағымсыз әдеттердің алдын алу (лудомания, нашакорлық, кибергигиена т.б.) бойынша сыныптар арасында байқаулар мен театрландырылған қойылымдар фестивалін өткізу ұсынылады.
- «Үшқыр ой ашы» – пікірталастар мен зияткерлік ойындар өткізу арқылы тақырыпты зерделеу және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру негізінде түйінді құндылықтарды дамыту көзделеді. Білім беру ұйымдарына құндылықтарға, тарихи оқиғаларға, атаулы күндерге, адам құқығы мен заңдарды зерттеуге, жағымсыз әдеттердің алдын алуға (лудомания, нашакорлық, кибергигиена, зорлық-зомбылық, буллинг және т.б.) байланысты тақырыптық пікірталастар өткізу ұсынылады. Пікірталасқа ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін тартуға болады.

- Зияткерлік ойындарды тек мектеп пәндеріне ғана емес, сонымен қатар танымал тұлғаларға, атаулы күндерге, әлемдік және спорттық оқиғаларға байланысты зияткерлік ойындарды ұйымдастыруға және өткізуге ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін және т.б. тарту ұсынылады.
- «Smart bala» жобасы – инновациялық жобалар байқауы арқылы құндылықты дамытуды көздейді. Жоба шеңберінде «Startup» және «Өнертапқышқа алғашқы қадам» конкурстары өткізіледі. «Startup» байқауы кәсіпкерлік және инновация саласында білім алушылардың қызығушылығын оятуға және дағдыларын дамытуға бағытталған. Білім беру ұйымдарына TEDx форматында таныстырылымдар, инновациялық идеялардың тұсаукөсерлерін өткізу ұсынылады.
- «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауында мектептің мүмкіндіктеріне қарай, жасанды интеллектті пайдалану арқылы командалық инновациялық жұмыстар байқауын өткізуге болады. Конкурсты ұйымдастыру барысында инновациялық объектілерге бару немесе аталған объектілер туралы материалдарды (EXPO, IT университеті, ғарыш айлағы және басқалар) онлайн-қарау ұсынылады.
- «Балалар кітапханасы» – оқу мен білімге деген қызығушылықты қалыптастыру. Жоба әдеби кеңс, кітаптар жәрменкесі, кітап кейіпкерлерінің байқауы, «Кітаптар айналымы» акциясы, «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджінен тұрады.
- Білім беру ұйымдарына әдеби кеңс, кітап жәрменкесі, кітап кейіпкерлерінің байқауын өткізу кезінде балалар мен жастар арасында танымал заманауи авторлардың кітаптарын талқылауды ұйымдастыруға болады.
- «Кітаптар айналымы» акциясы шеңберінде кітапханада, мектеп буккроссингінде білім алушыға қажетті кітапты алып оқуы үшін үйден өзінің бір кітабын әкеліп ауыстырып алу мүмкіндігі болатын кітаптар сөресін құру ұсынылады.
- «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі «Досына кітап сыйла» челленджін ұйымдастыруды, жазбалары мен тілектері бар кітаптарға сыйлық мұрабаларын жасауды және т.б. қамтиды.
- Әлеуметтік жобаларды іске асыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес өткізіледі (бұйрыққа 2-қосымша). Білім беру ұйымдары іс-шараларды өткізу уақытын, қатысушылардың санын, өтетін орнын дербес айқындайды. Әрбір іс-шараның мазмұнын әзірлеу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру қажет.

БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ НӘТИЖЕСІНДЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ ҰЙЫМ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ БОЙЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУЫ КҮТІЛЕДІ:

ҚҰНДЫЛЫҚ: ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

9-11 сынып:

- халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;
- ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;
- мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;
- мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;

- отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;
- Отанның қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: БІРЛІК ЖӘНЕ ҰНТЫМАҚ

- Құзыреттілік: тиімді коммуникация

9-11 сынып:

- әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;
- ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершіліктен орындау;
- басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну;
- қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер мен шешімдерге қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;

мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

- Құзыреттілік: қоғамға қызмет

9-11 сынып :

- нәсіліне, жөніне, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу;
- әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу;
- қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану;
- белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету;
- тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

9-11 сынып :

- өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлықты бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;
 - моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану;
- тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

ҚҰНДЫЛЫҚ: ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК

9-11 сынып:

- тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы;
 - өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау;
 - нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу;
- еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;
- дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

9-11 сынып:

- зерттеу жүргізу және ғылыми тәсілді қолдану қабілеті;
- ақпаратты талдау және бағалау;
- жаңа идеяларды ұсыну;
- заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру;
- мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер іздеу және идеяларды іске асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

Сыныптың жүзеге асыратын жобасы: «Еңбегі адал жас өрен»

Іс-шара	Мерзімі	Аяқталу нысаны
«Күзгі асар»	Қазан	Жәрменке
«Мамандықтар әлемі»	Қараша	Саяхат сабақ
«Менің болашақ мамандығым»	Сәуір	Эссе
«Мамандықтар марафоны»	Қаңтар	Байқау

Ата ана жиналысы- бір тоқсанда 1 рет

Ұлдар жиналысы- бір айда 1 рет

Қыздар жиналысы- бір айда 1 рет

АПҚО сабағы- бір айда 1 рет

Әр тоқсанға SWOT талдау

9-сыныптардың сынып сағаттарының жұмыс жоспары

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

12 қыркүйек – Отбасы күні

26 қыркүйек – Еңбек күні

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
I тоқсан				
1-апта дәйексөзі: «Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» (Мұрағар Әлімбаев)				
1.	«Менің Отаным – Қазақстан» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> №1-САБАҚ: «Қазақстандағы сенім телефондары мен жедел қызметтердің нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	02.09.25ж.
2-апта дәйексөзі: «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!»				
2.	«Бақытты отбасы-берекелі ел» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 2-САБАҚ: «Серуендеу кезіндегі қауіптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	08.09.25ж.
3-апта дәйексөзі: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегін кетпес далаға!» (Абай)				
3.	«ӨМІРШЕНДІК РЕСУРСТАРЫ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША (Буддингтен қорған) Тақырыбы: «Позитивті ойлау – өміршендіктің көзі» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> №3-САБАҚ: «Жанжалды қалай шешуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	15.09.25ж.

4-апта дәйексөзі: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.(Абай)

4.	«Еңбек - қуаныш, жалқаулық арылмас азап» <u>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</u> №4-САБАҚ: <u>«Ата – анамың сенімі мен үшін маңызды»</u>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.09.25ж.
----	---	--------------	-----------------	------------

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық

1 қазан – Халықаралық карттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

24 қазан – Кітапханашылар күні

25 қазан – Республика күні

1-апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сонбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»

5.	«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық жоба Әлішхан Бөкейхановтың «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» <u>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</u> № 5-САБАҚ <u>«Интернеттегі жәбірсу: бұл не және онымен қалай күресуге болады?»</u>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	29.09.25ж
----	--	--------------	-----------------	-----------

2-апта дәйексөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»

6.	Үстезім ақылшым-үлгі тұтар жан... «Даналық үстезім» челленджі <u>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</u> №6-САБАҚ <u>«Фейктер және фактілер жауапкершілік туралы не білу керек?»</u>	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	06.10.25ж
----	---	--------------	-----------------	-----------

3-апта дәйексөзі: «Отанды сүю – отбасынан басталады!»

7.	«Ақпараттық қауіпсіздік: жеке деректерді қорғайық» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 7-САБАҚ «Өзінізге зиян келтірмеу үшін «жоқ» деп айтуда қалай үйренуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	13.10.25ж
----	--	--------------	-----------------	-----------

4-апта дәйексөзі: «Отаным – алтын бесігім!»

8.	«Тарихы сырлы, ертегі нұрлы таза ел!» Республика күні <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 8-САБАҚ: «Елшілерге өкілбеу үшін дұрыс таңдауды қалай жасау керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.10.25ж
----	--	--------------	-----------------	-----------

II тоқсан

Қараша – адалдық және жауапкершілік айы

15 қараша – «Ұлттық валюта» тенге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

1-апта дәйексөзі: «Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!»

9.	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» Абай шығармашылығы бойынша <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 9-САБАҚ: «Жасөспірімдер жұмысқа орналасу кезінде не туралы білуі керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	03.11.25ж
----	--	--------------	-----------------	-----------

2-апта дәйексөзі: «Тура биле туған жоқ!»

11-15.11.24ж.

10.	«Ұлттық төңге - Тәуелсіздігіміздің нышаны» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 10-САБАҚ «Кәмелетке толмағандардың құқықтық жауапкершілігі қай жастан басталады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	10.11.25ж
3-апта дәйексөзі: «Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі»				
11.	«ӨМІРШЕНДІК РЕСУРСТАРЫ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША Тақырыбы: «Көршіге орта және өміршендікті дамыту» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> №11-САБАҚ «Қазақстандағы сенім телефондары мен жедел қызметтердің нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	17.11.25ж
4-апта дәйексөзі: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»				
12.	1. Тақырыпқа байланысты тележаңабалар мен деректі фильмдерді таныстыру. «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу – басты міндет» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 12-САБАҚ «Сервентеу кезіндегі қауіптер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	24.11.25ж
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы				
5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні				
16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1-апта дәйексөзі: «Бірлігі күшті ел озады»				
13.	«Экология -ел тағдыры» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 13-САБАҚ «Жанжалды қалай шешуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	01.12.25ж
2-апта дәйексөзі: «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді»				
14.	«ӨМІРШЕНДІК РЕСУРСТАРЫ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	08.12.25ж.

	Тақырыбы: «Өміршеңдік шығармашылықта туады» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 14-САБАҚ «Атқ – аяғының өсімі мен үшін маңызды»			
3-апта дәйексөзі: «Бірлік болмай тірлік болмас»				
15.	Ойын - уақыт өткізу ме, әлде тәуелсіздік пе? Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 15-САБАҚ: «Интернеттегі жәбірлесу бұл не және онымен қалай күресуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	15.12.25ж
4-апта дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған				
16.	«Татулық- тірегіміз, бірлік-тілегіміз» «Таңғажайып жаңа жыл» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 16- САБАҚ «Фейктер және фактілер: жауапкершілік туралы не біту керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	22.12.25ж
III төкесі				
Қаңтар – заң және тәртіп айы				
I қаңтар – Жаңа жыл				
2-апта дәйексөзі : «Талап бар жерде тәртіп бар»				
17.	«Абайдың үндегені –адал еңбек» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 17-САБАҚ «Өзіндігі зиян келтірмеу үшін «жоқ» деп айтуға қалай үйренуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	12.01.26ж
3-апта дәйексөзі : «Тәртіп – тәрбие бастауы»				
18.	«ӨМІРШЕҢДІК РЕСУРСТАРЫ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША Тақырыбы: «Өз-өзіне сену» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 18- САБАҚ	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	19.01.26ж

«Ешнәрсеге өкілбеу үшін дұрыс таңдауды қалай жасау керек?»

4-апта дәйексөздері: «Әділет жолы- адал жол»

19.	«Арам мен адал, обал мен сауап – ұлтымыздың ұстанымы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 19-САБАҚ «Жасөспірімдер құқыққа орналасу кезінде не туралы білуі керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	26.01.26ж
-----	--	--------------	-----------------	-----------

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні

Ақпанның бірінші сейсенбісі - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

1-апта дәйексөзі: «Жасампаздық – барімізге өнеге»

20.	«4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» «Цифрлық әлемде қауіпсіз қалам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 20-САБАҚ «Кәмелетке толмағандардың құқықтық жауапкершілігі қай жастан басталады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	02.02.26ж
-----	--	--------------	-----------------	-----------

2-апта дәйексөзі: Шығармашыл бала – ойлы бала

21.	«ӨМІРШЕҢДІК РЕСУРСТАРЫ» жобасы бойынша Тақырыбы: «Позитивті ойлау – өміршөндіктің көзі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 21-САБАҚ «Қазақстандағы сенім телефондары мен жедел қызметтердің нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	09.02.26ж
-----	--	--------------	-----------------	-----------

3-апта дәйексөзі: Онерлі бала - өрге жүзер

22.	«Қауіпсіз қоғам»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.02.26ж
-----	------------------	--------------	-----------------	-----------

«Имандылық – адамгершілік пен ізгіліктің тірегі»
Қауіпсіздік сабағы (10 минут)
№ 22-САБАҚ
 «Серуендеу кезіндегі қауіптер»

4-апта дәйексөзі: Жаңашылдық – заман талабы

23.	«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 23-САБАҚ «Жанжалды қалай шешуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	23.02.26ж
-----	---	--------------	-----------------	-----------

Наурыз – тәуелсіздік және отанышылдық айы

1 наурыз – Алғыс айту күні
 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі
 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

1-апта дәйексөзі: Патриотизм – ати-ананды құрметтей білуің...(Б.Момышұлы)

24.	«Алғыс – ізгі ниет» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 24-САБАҚ «Ата – анаңның сенімі мен үміті маңызды»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	02.03.26ж
-----	--	--------------	-----------------	-----------

2-апта дәйексөзі: Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік

25.	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы бойынша «Ананың аялы алаңсыз» челленджі \ Отбасы құндылығы - сарыалмас қызына шеберлік сабақ <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 25- САБАҚ «Интернеттегі жәбірлеу бұл не және онымен қалай күресуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	09.03.26ж
-----	---	--------------	-----------------	-----------

3-апта дәйексөзі: Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады

17-21.03.25ж.

26.	«Наурыз – жыл басы»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	16.03.26ж
-----	---------------------	--------------	-----------------	-----------

Қауіпсіздік сабағы (10 минут)

№ 26-САБАҚ

«Фейктер және фактілер жауапкершілік туралы не білу керек?»

IV тоқсан

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні

12 сәуір – Ғылым күні

15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні

18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні

23 сәуір – Ұлттық кітап күні

1-апта дәйексөзі: Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәңімен тең

27	7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні «Көңілді старттар» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 27-САБАҚ «Өзіңізге зиян келтірмеу үшін «жоқ» деп айтуда қалай үйренуге болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	06.04.26ж
----	--	--------------	-----------------	-----------

2-апта дәйексөзі: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап» (Абай)

28	«Өмірге салауатты қадам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 28-САБАҚ «Еңбегіңізге өсибеу үшін дұрыс тәртіпті қалай жасау керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	13.04.26ж
----	--	--------------	-----------------	-----------

3-апта дәйексөзі: Көп еңбек еткенге бақыт басым несі. (Леонардо да Винчи)

29	«ӨМІРШЕНДІК РЕСУРСТАРЫ» жобасы бойынша Тақырыбы: «Қоршаған орта және өміршендікті дамыту» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 29-САБАҚ	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	20.04.26ж
----	---	--------------	-----------------	-----------

«Жасөспірімдер жұмысқа орналасу кезінде не туралы білуі керек?»

4-апта дәйексөзі: «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»

30.	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» «Атадан-өсиет, анадан кәсімет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 30-САБАҚ «Кәсіметке толмағандардың құқықтық жауапкершілігі қай жастан басталады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	27.04.26ж
-----	---	--------------	-----------------	-----------

5-апта дәйексөзі: Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер

31.	Тақырыбы: «Ынтымақ» достық кеңіле Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №31-САБАҚ: «Қазақстандағы сенім телефондары мен жедел қызметтердің нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	04.05.26ж
-----	--	--------------	-----------------	-----------

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні

9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні

15 мамыр – Халықаралық отбасы күні

18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

1-апта дәйексөзі: «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»

32.	Тақырыбы: «Ұранды ердің - ұрпағы қайсар» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 32-САБАҚ «Серуендеу кезіндегі қауіптер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	11.05.26ж
-----	---	--------------	-----------------	-----------

2-апта дәйексөзі: «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»

33.	«ӨМІРШЕНДІК РЕСУРСТАРЫ» жобасы бойынша Тақырыбы: «Өміршеңдік шығармашылығаста туыды»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	18.05.26ж
-----	--	--------------	-----------------	-----------

Қауіпсіздік сабағы (10 минут)

№ 33-САБАҚ

«Жанжалды қалай шешуге болады?»

3-апта дәйексөзі: «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек.» (Төле би)

34.

Тақырыбы : «Білім – Отаным!»

Қауіпсіздік сабағы (10 минут)

№ 34-САБАҚ

«Ата – ананың сенімі мен үшін маңызды»

Сынып сағаты

Сынып жетекшісі

25.05.26ж

Сынып жетекшісі:

 L. Madneva